



«Батыс Қазақстанда жаңа өндірістер құру» Инвестициялық Форумы шеңберінде меморандумдар мен келісімшарттарға қол қою

2012 жылғы 4-5 қазанда Мәскеу қаласында Ресей және ТМД HR-Директорларының XIII Саммиті өтті, оның шеңберінде адам ресурстарын басқару саласындағы жетістіктер үшін Сыйлық табыс ету салтанаты болды. Саммит Ресей өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері одағының LBS International Conferences компаниясымен бірлескен эгидасымен өтті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Салалық кәсіби стандарт әзірлеу» жобасымен «Жылдың HR-жобасы — 2012» номинациясында құрметті 2-орынға ие болды. Номинанттардың тізіміне 25 ірі және орта компаниялар: Сбербанк России, Мегафон, Росатом, РЖД, Сибур, Банк УралСиб, Самұрық-Қазына, ҚазМұнайГаз, Оборонпром және басқалар кірді. ҚМГ жобасы персоналды басқару саласында инновациялық деп танылды.

ҚМГ 2009 жылдан бастап мұнай-газ саласында салалық кәсіби стандарт әзірлеу бойынша жұмыс атқаруда. Белгілі бір кезең-кезеңдік жұмыс жүргізілді. ҚазМұнайГаз әдістемесі қолданыстағы әдістемелерден көлемде сипатта әзірленуімен, сонымен саланың, кәсіби қызмет түрінің барлық мамандықтардың иерархиялық қатыстылығымен (жұмысшыдан топ-менеджерге дейін) өзара байланыс орнатылумен тиімді түрде ерекшеленеді. Бұдан басқа, әзірленген әр түрлі біліктілік деңгейдегі мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптардың бірыңғай тәсілі еңбек саласындағы біртұтас жүйе ретінде жұмыс істейді және еңбек өнімділігінің өсіміне бағатталады. Бұл тиісті деңгейде еңбекке ақы төлеудің ашық әрі түсінікті жүйесін құруға, кадрларды жүйелі іріктеу жүргізуге, еңбек ресурстарын жоспарлауға, мансаптық даму жоспарын жасауға, оқуға қажеттілікті анықтауға, қызметкерлерді кәсіби даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірлеуге, персоналды бағалау, аттестаттау және сертификаттау жүргізуге мүмкіндік береді.

Жоба бірқатар халықаралық сарапшылар: Еуропалық одақ, PWC, Нау group, ЛукОйл компанияларының жоғары бағасы мен мойындауына ие болды.

Еуропалық одақ сарапшылары «... ҚМГ кәсіби стандартын әзірлеу әдістемесі кәсіби қызметтің кешенді құрылымын зерттеуге негізделетіндіктен инновациялық тәсілімен қағидатты түрде ерекшеленетінін» атап өтті.

PWC өз қорытындысында «...осындай сипаттамалары бар Кәсіби стандарттарды қабылдау еңбек нарығын реттеу сапасына елеулі үлес қосуы мүмкін» екендігін атап өтті.

XIII Саммитте ресейлік және шетелдік компаниялардың 50-ден астам топ-менеджерлері сөйледі. Адами ресурстарды басқару жөнінде тәжірибелерімен мыналар бөлісті: «ЛУКОЙЛ» ААҚ Вице-президенті Анатолий Москаленко, «ВымпелКом» ААҚ Вице-президенті Михаил Яковлев, «НЛМК» ААҚ Вице-президенті Станислав Цырлин, «Система» компаниясының атқарушы Вице-президенті Елена Витчак, «Банк Москвы» ААҚ Аға вице-президенті Надежда Филиппова, «Башнефть» ААҚ Вице-президенті Валентин Тимаков, EF Education First компаниясының Ресей мен ТМД елдеріндегі Бас директоры Эдуард Балдаков, «Компания «Сухой» ААҚ бас директорының орынбасары Алексей Акимов, «РЖД» ААҚ қызметкерлерді басқару департаментінің бастығы Антон Награльян, «Мегафон» ААҚ қызметкерлер бойынша директор Ольга Филатова және басқа көптеген белгілі HR-сарапшылар.

Баспасөз қызметі	Пресс-служба	Press Office
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976277, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	